

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№33 (146) ЖҰМА

19 қыркүйек 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ӘКІМ КЕЗДЕСУГЕ КЕЛДІ...

Ұлытау облысының әкімі Д.А. Рыспеков сәрсенбі күні Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер Сарайында Сәтбаев қаласы тұрғындарымен кездесті.

Кездесуді қала басшысы М.Берібаев ашты. Ол кездесу тәртібін түсіндіріп, содан соң сөзді облыс әкіміне берді.

Дастан Адайұлы облыстың, соның ішінде Сәтбаев қаласының экономикалық-әлеуметтік, мәдени және т.б. дамуы жөнінде баяндама жасады. (Баяндаманың негізгі тезистері 3-бетте жарияланып отыр.) Бұдан соң кездесуге қатысушылардың тарапынан қойылған сұрақтарға нақтылы жауап берілді. Кездесу негізінен ашық рәуіште өтті. Кездесу туралы кейбір материалдар топтамасын 7-беттен оқуға болады.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.



№ 12 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркеу бойынша округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 12 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына шығып қалған депутатының орнына № 12 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Исабаев Руслан Серикович кандидат болып тіркелді, 1991 жылы туған, қызметі: жабдықтау бөлімінің басшысы, жұмыс орны: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Шығыс-Жезқазған кеніші, тұрғылықты жері: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, "Respublica" партиясы" ҚБ мүшесі, ұлты – қазақ.



СООБЩЕНИЕ

окружной избирательной комиссии о регистрации кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего по одномандатному территориальному избирательному округу № 12

В соответствии со статьей 104 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» 12 сентября 2025 года по одномандатному территориальному избирательному округу №12 зарегистрирован кандидатом в депутаты Сатпаевского городского маслихата вместо выбывшего Исабаев Руслан Серикович, 1991 года рождения, должность: руководитель отдела снабжения, место работы: Восточно-Жезказганский рудник ТОО «Корпорация Казахмыс», проживает в г. Сатпаев области Ұлытау, член ОО "Партия Respublica», национальность -казах.

БІРЛІК ПЕН ӘСЕМДІКТІҢ АЙНАСЫ

«ҮЗДІК АУЛА – 2025» БАЙҚАУЫНАН

Қаланың көркеюіне, тазалығы мен жайлылығына үлес қосып жүрген тұрғындар әрқашанда құрмет пен мадаққа лайық. Биыл да жалғасын тапқан дәстүрлі «ҮЗДІК АУЛА – 2025» байқауы Қала күні қарсаңында мәресіне жетті.

Арнайы құрылған комиссия тиісті өтініштерді қарап, тексеруден өткерді. Нәтижесінде ұйымшылдығымен өзгелерге үлгі болған, жасыл желекке бөленген аулалар лайықты марапатталды. Бірнеше аулаларға «Жасыл аула», «Тату аула», «Таза аула», «Жайлы аула», «Креативті подъезд», «Қауіпсіз аула» және «Үздік подъезд» номинациялары беріл-

ді. Абай көшесі 65 үй, МИБ «Ұлытау-65» -үшінші, МИБ «Береке-213»- екінші, МИБ «Бірлік-215» -бірінші орын иеленді. Бірінші орын иегері 500 мың теңге ақшалай сыйақымен марапатталды.

Байқау қаламызда өз үйін, ауласын әдемі ұстауға ұмтылатындар қатары жылдан жылға көбейіп келе жатқанын көрсетті.

А.НҰРТАУҰЛЫ.



► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ СЕРПІН

БАҒЫТ – АНЫҚ, ОРЫНДАУ – ПАРЫЗ

Сәрсенбіде, Сәтбаев қаласы әкімдігінің кіші залында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын іске асыруға шаралары жөніндегі жиын болып өтті. Жиынды қала әкімі М.Бөрібаев ашып, жүргізіп отырды.



- Мемлекет басшысы Жолдауда негізгі жеті бағытты атап көрсетті. Бәрі де ауқымды жұмыстарды қажет етеді. Мақсат – биік. Көздеген мақсатқа жетудің жолдары қандай? Жолдауды жүзеге асыру үшін жергілікті жерлерде қандай істер атқарылуы керек? Міне, осы тұрғыда ақылдасу, пікірлесу мақсатында жиылып отырмыз – деген Мұрат Ерболатұлы

жаңа мүмкіндіктері ашылып жатқан кереметімен де таң қалдырады. Бізге заман көшінен қалмай ғылым жетістіктерін игеруге ұмтылу керек. Жасанды интеллект өмірге дендеп еніп келеді. Президент арнайы Министрлік құруды бекер тапсырып отырған жоқ.

Сондықтан, әсіресе, жастарды озық технологияларды меңгеруге бағыттау керек – деді ол.



ең алғашқы сөзді Қазақстанның Еңбек ері, кенші Тұрсынбек Мақышевқа берді. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Өйткені...

Т.Мақышев Президент Жолдауын Парламент төрінде отырып тыңдаған азаматтардың бірі.

-Президенттің Жолдауы несімен маңызды? Егер өзімізге осындай сұрақ қояр болсақ, ең алдымен айтарым, Жолдау қазіргі заманның тамырын тап баса білуі және елімізді соған сай дамыту мақсатын белгілеуімен ерекшеленеді. Яғни, қазіргі уақыт ұшқырлығымен ғана емес, сәт сайын технологияның

Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаты Дәулет Сәйтпеков, Сәтбаев қаласының кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі Айжан Маманова, Сәтбаев қалалық әкімдігі ақпараттық технологиялар мен стандарттар бөлімінің басшысы Жанат Серікбаева, Сәтбаев қаласы жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Жұлдызай Сыздықбаева пікір алмасуды одан әрі жалғастырып, өз ойларын ортаға салды.

Президент Жолдауы – еліміздің дамуындағы жаңа тарихи белес. Бұл құжат алдыңғы бастамалардың

заңды жалғасы бола отырып, сонымен бірге мемлекетімізді цифрлық дәуірдің сын-қатерлеріне бейімдеуге бағытталған тың қадамдарды айқындап берді.

Жолдауда атап өтілгендей, жаңа технологиялар – экономиканы, өндіріс пен әлеуметтік саланы, мемлекеттік басқаруды ілгерілетудегі негізгі қозғаушы күш. Ал біз үшін ең маңыздысы – осы мүмкіндіктерді нақты істер арқылы жүзеге асырып, халқымыздың игілігіне жарату.

Сол мақсатта еліміздің барлық өңірінде, соның ішінде біздің қаламызда да, Жолдауда белгіленген міндеттерді орындауға бағытталған шаралар қолға алынуда. Инвестиция тарту, инфрақұрылымды жаңарту, цифрлық шешімдерді енгізу, жастардың әлеуетін арттыру – біздің алдымыздағы басты басымдықтар.

Бұл міндеттерді орындау үшін тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барша қоғамның белсенді атсалысуы қажет. Жастарымыздың жаңашыл идеялары мен ақсақалдарымыздың өмірлік тәжірибесі тоғысып, ортақ мақсатқа қызмет етсе, қаламыздың да, еліміздің де болашағы жарқын болмақ.

Президент Жолдауына байланысты жиын осындай ортақ ойлардың тоғысуымен да мәнді болды. Ел алдындағы мәселелерді шешу үшін де осындай бірлікті ынтымақ керек.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

ЖОЛДАУ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауы – халқымыз үшін айрықша маңызды тарихи құжат. Бұл Жолдау – тек бір жылдық жоспар емес, алдағы онжылдықтарда еліміздің даму бағытын айқындайтын стратегиялық бағдар. Әлем күн сайын өзгеріп жатқан бүгінгі кезеңде Қазақстанға айқын мақсаттар мен нақты іс-қимыл қажет. Жолдау – сол мақсатқа жетелейтін басты жолбасшымыз.

Президентіміз өз сөзінде қазіргі дәуірдің басты ерекшелігі – жасанды интеллект, цифрлық технологиялар мен инновациялық шешімдердің қарқынды дамуы екенін ерекше атап өтті. Уақыт талабы бізді жаңа ізденістерге, батыл қадамдарға жетелейді. Сондықтан да Мемлекет басшысы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында еліміздің болашағы үшін аса маңызды жеті негізгі бағытты айқындап берді.

Бұл құжатта ең алдымен экономиканы әртараптандыру, білім мен ғылымды дамыту, денсаулық сақтау саласын жетілдіру, ауыл мен қаланы тең дәрежеде өркендету, азаматтардың әл-ауқатын арттыру мәселелері қамтылды. Ең бастысы – Президент әрбір қазақстандықтың мүддесін қорғауды мемлекет саясатының өзегіне айналдырып отыр.

Жолдауда ерекше тоқталған бағыттың бірі – цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту. Бұл тек технологиялық қадам ғана емес, тұтас елдің дамуына серпін беретін үлкен мүмкіндік. Жасанды интеллект арқылы



өндіріс орындары жаңа деңгейге көтеріледі, денсаулық сақтау жүйесі қолжетімді әрі тиімді болады, білім беру саласы заманауи талаптарға бейімделеді. Яғни, бұл өзгерістердің игілігін ең алдымен халық көреді.

Білім мен ғылым саласына қатысты айтылған бастамалар да – уақыт талабы. Жаңа мамандықтарға бейімделген жастар ғана елді алға сүйрей алады. Сондықтан да мектептер мен жоғары оқу орындарында цифрлық білімге басымдық беру – болашаққа жасалған инвестиция. Әр жас қазақстандық заманауи технологияны меңгерген,



еркін ойлы, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуы тиіс.

Сонымен қатар, Жолдауда денсаулық сақтау саласын жетілдіру мәселесі кеңінен қозғалды. Заманауи технологиялар медицинада да қолданылып, науқастарға сапалы көмек көрсетудің жаңа тетіктері іске асырылмақ. Қарапайым азамат үшін ең бастысы – қолжетімді әрі тиімді медициналық қызмет. Президенттің осы бағыттағы бастамалары халықтың денсаулығын жақсартуға үлкен сеп болары сөзсіз.

Әлеуметтік әділеттілік те – Жолдаудың негізгі арқауы. Әрбір азамат өзін мемлекет тарапынан қорғалған сезінуі тиіс. Әлеуметтік қолдау шаралары, тұрғын үй, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту – осының бәрі халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған. Бұл – елдің тұрақтылығы мен дамуының берік негізі.

Жолдауда айтылған бастамаларды жүзеге асыру үшін баршамызға бірлік пен ынтымақ қажет. Президентіміздің сөзінде айтылғандай, еліміздің болашағы – әрқайсымыздың қолымызда. Бүгінгі таңда әрбір қазақстандық өзінің еңбегімен, ізденісімен, табандылығымен мемлекетіміздің дамуына үлес қосуы тиіс.

Мемлекет басшысының Жолдауы – халқымызды жаңа жетістіктерге жетелейтін, елдің дамуына серпін беретін тарихи құжат. Ол бізге үлкен сенім, зор жауапкершілік жүктейді. Егер бәріміз бір кісідей жұмылып, ортақ мақсатқа ұмтылсақ, Қазақстанымыздың болашағы жарқын боларына еш күмән жоқ.

Дархан МҰХАН,
Сәтбаев қаласы
әкімінің орынбасары.

ӨСУ ДЕ, ӨРКЕНДЕУ ДЕ БАР

(Облыс әкімі Дастан Адайұлы Рысбековтің Сәтбаев қаласы тұрғындарымен кездесуде жасаған баяндамасынан)

Экономика

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілде айларының қорытындысы бойынша экономиканың келесі салаларында оң динамика байқалады:

1) тұрғын үйді пайдалануға беру – 58,2%-ға; 2) көлік және қоймалау саласы – 23%-ға; 3) сауда – 4,9%-ға; 4) инвестициялар – 3,1%-ға; 5) ауыл шаруашылығы – 1,4%-ға артты.

2025 жылға арналған облыстық бюджет 176,1 млрд теңгені құрайды, жыл басынан бері 19%-ға ұлғайды.

Ұлытау облысы құрылған сәттен бастап Сәтбаев қаласының негізгі бюджет көрсеткіштерінің өсуі байқалады. Қаланың жалпы бюджеті 55%-ға өсіп, 2025 жылы жоғары тұрған бюджеттерден трансферттер түсімін қоса есептегенде 23,2 млрд теңгеге жетті, 2023 жылы – 15 млрд теңге болған еді.

Облыс тарапынан қаланы қолдау мақсатында биылғы жылы бірнеше ірі кәсіпорындар Сәтбаевқа қайта тіркелді. Олардың арасында Қазақмыс Мэйнтенанс Сервисиз, PetroLog EP, Транко экспресс, Eurasian Petrol, Сервистранс плюс, Венталекс Сервис бар. Соның нәтижесінде қаланың меншікті кірістері 24,7% өсіп 12,1 млрд теңгеге жетті (2023 жылы – 9,7 млрд теңге болған.). Бұл Сәтбаев қаласының өзін-өзі қаржыландыру деңгейіне шығуына мүмкіндік берді. (субвенция – 2,5 млрд теңге, меншікті кірістің өсуі – 2,4 млрд теңге). Сондай-ақ, алдағы уақытта жаңа кәсіпорындарды тіркеу жұмыстары жалғасатын болады. Бұдан бөлек, қаланың дамуына жоғарғы бюджеттен қосымша 5 млрд теңгеге жуық трансферттер мен бюджеттік несиелер бөлініп отыр.

Ағымдағы шығындарды есептегенде Сәтбаев қаласында осы жылы республикалық және облыстық бюджеттен, яғни барлық көздерден 5,5 млрд теңге сомасына 21 инфрақұрылымдық жобаны іске асыру көзделген, соның ішінде ірі жобаларға тоқталсақ:

Инвестициялар

Егер өткен жылы экономиканы әртараптандыру аясында облыс бойынша жалпы сомасы 34 млрд теңгені құрайтын 9 инвестициялық жоба қосылса, биылғы жылы жалпы сомасы 138 млрд теңгені құрайтын 17 инвестициялық жоба бастау алды.

Сәтбаев қаласы бойынша жалпы құны 6,1 млрд теңгеге 2 инвестициялық жоба іске асырылуда.

Индустриялық аймақ

Экономиканы әртараптандыруды жеделдету мақсатында Сәтбаев қаласында индустриялық аймақ құрылды. Аталған аймақ аясында жалпы құны 28 млрд теңгені құрайтын 4 жоба пысықталуда, нәтижесінде 150 жұмыс орны құрылмақ. Ағымдағы жылы инфрақұрылым тартылуда.

Шағын және орта бизнесті дамыту – басым бағыттардың бірі болып табылады. Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында барлық көрсеткіштер бойынша өсім байқалуда.

Биыл жалпы құны 3 млрд теңгені құрайтын 75 кәсіпкерлік нысанын ашу жоспарлануда, соның ішінде Сәтбаев қаласында 850 млн теңгеге 6 нысан.



Біздің кәсіпкерлердің белсенділігінің арқасында мемлекеттік бюджетке тек олардың қызметінен түсетін салық түсімдері 2024 жылы 17%-ға өсіп, 58,5 млрд теңгені құрады (2023 ж. – 50 млрд теңге болған еді.).

Білім

Өткен жылы Сәтбаев қаласында Оқушылар сарайының құрылысы аяқталды.

Сонымен қатар Жезқазған (320 орын), Сәтбаев қалалары (320 орын) мен Жайрем кентіде (110 орын) 750 орынға арналған 3 балабақша салынды.

Ағымдағы жылы 16 білім беру нысанына жөндеу жұмыстары жүргізілуде, соның ішінде Сәтбаевта 2 нысан.

Биыл 2,6 млрд теңгеге 2 мектептің (Қаражал қаласы, Мынадыр станциясы) құрылысы жүруде. 3 балабақшаның (Жезқазған қ., Сәтбаев қ., Кенгір ауылы) құрылысына жобалық сметалық құжаттама әзірленуде, соның ішінде Сәтбаев қаласында жоспарланған 280 орындық балабақша бар.

Облыс бойынша кабинеттерді жаңғыртуға ағымдағы жылы 24 мектепке (Жезқазған қ. – 3, Сәтбаев қ. – 8, Қаражал қ. – 1, Ұлытау ауданы – 5, Жаңаарқа ауданы – 7) 29 кабинетті сатып алуға 290 млн теңге қаражат бөлінді, соның ішінде Сәтбаев қаласына 90 млн теңгеге 9 кабинет.

Білім беру саласы – біздің болашағымызға салынған инвестиция. Биылғы жылы бұл бағытқа 56 млрд теңге бөлінді, соның 11,6 млрд теңгесі Сәтбаев қаласына бағытталды.

Денсаулық сақтау

Ағымдағы жылы жалпы сомасы 3,6 млрд теңгеге 120 бірлік техника сатып алу жоспарланған, оның ішінде Сәтбаев қаласында 266,5 млн теңгеге 24 бірлік техника.

Бытыр 4 денсаулық сақтау нысаны, соның ішінде Сәтбаев қаласындағы облыстық физиопульмонология орталығының су құбыры жүйелері жөнделді.

Кадрларды тарту бойынша жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан, бейінді мамандық дәрігерлерінің кадр тапшылығы сақталуда. Мәселен, облыс бойынша дәрігерлердің тапшылығы 51 адамды құрайды, оның ішінде Сәтбаев қаласына 13 дәрігер қажет (2-фтизиатр, 1-фтизиопедиатр, 1-эпидемиолог, 2- акушер-гинеколог, 1-неонатолог, 1-педитар, 1-ВОП, 1-УЗИ, 1-травматолог, 1-врач функциональной диагностики).

Әлеуметтік қолдау бағдарламасы аясында 2024 жылы облысқа барлығы 35 дәрігер тартылды, соның ішінде ішінде Сәтбаев қаласына 12 дәрігер (1-терапевт, 1-инфекционист, 1-лаборант, 1-реаниматолог, 1-акушер-гинеколог, 1-педиатр, 3-травматолог, 1-заместитель директора, 1-хирург, 1-врач бактериолог), жалпы сомасы 62 млн теңгеге көтерме төлем жүргізілді. Білікті медициналық кадрларды тарту жұмыстары жалғасуда.

Ірі нысандарға келсек медициналық қызмет сапасын арттыру мақсатында болашақта Сәтбаев қаласында жарақат пунктіннің құрылысы (1,2 млрд теңге) және Жезқазған қаласында демеушілік қаражат есебінен емхана (3,5 млрд теңге) құрылысы жоспарлануда.

Спорт және мәдениет

2024 – 2025 жылдарға облыс бойынша 8 спорт нысанының құрылысы жоспарланған. Биыл Сәтбаев қаласында «Қазақстан Халқына» қорының демеушілігімен, «Сұңқар» спорт көшені пайдалануға берілді. Сонымен қатар Сәтбаев қаласында спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернат салу жоспарлануда. Қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалуда.

Сәтбаев қаласының Баубек Бұлқышев атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайын қайта жаңғырту жоспарда тұр.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы

Облыс бойынша қала тұрғындары ауызсумен толық қамтамасыз етілген (100%), ал ауылдық елді мекендерде қамтамасыз етілу деңгейі 97,3%-ды құрайды.

Сәтбаев тұрғындары 100% Есқұла жерасты суымен қамтылған. Сәтбаев қаласының сумен жабдықтау жүйесінің тозуы 74%-ды құрайды. Осыған орай, «Су тораптық құрылысы 1-ден «А» нүктесіне дейін Есқұла суағары 2-ші тізбегінің телімін ауыстыру» жобасы әзірленді. Жоба аясында 40,9 км су құбырын ауыстыру көзделген. Сонымен бірге, Сәтбаев қаласының тұрғындарын үздіксіз және сапалы су бұрумен қамтамасыз ету үшін 2020 жылдан бастап «Сәтбаев қаласының №8 шағын ауданынан шаруашылық-ауыз су тазарту құрылыстарына дейін кәріз

коллекторының құрылысы» жобасы іске асырылуда.

Электр желілері

Облыста ағымдағы жылы 818,9 шақырым электр желілері мен 272 қосалқы станцияны жөндеу жоспарлануда.

Сәтбаев қаласы бойынша электр желілерінің жалпы ұзындығы – 332,5 шақырым, тозу деңгейі 55%-ды құрайды.

Жылумен жабдықтау

Өткен жылы облыс бойынша 49 шақырым жылу желілері жөнделді, ағымдағы жылы 47,8 шақырымды жөндеу жоспарланған.

Сәтбаев қаласы бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 224 шақырым, тозу деңгейі 58%-ды құрайды.

2025 жылы «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» акционерлік қоғамы тарапынан 447,7 млн теңгеге 25,1 (факт 22 шақырым) шақырым желілер жөнделуде. «Сәтбаев қаласындағы №1, №2 магистральдық жылу желісін реконструкциялау» жобаларына 1,7 млрд теңге бөлінді.

Газбен жабдықтау

2025 жылы Ұлытау облысын газдандыруға 3,1 млрд теңге қарастырылған. Сәтбаев қаласына газ тарату желілерін тарту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қазіргі уақытта мемлекеттік сараптамаға ұсынылды.

Көлік инфрақұрылымы

Өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін дамыту мақсатында 2025 жылы Сәтбаев қаласы бойынша 632 млн теңге қаражат бөлініп, жалпы ұзындығы 7,81 шқ құрайтын 8 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Облыстық маңызы бар «Сәтбаев–Малшыбай–Жошыхан, Домбауыл кесенесі» автожолының құрылысы жүргізілуде және көпір құрылысы толық аяқталды.

Тұрғын үй құрылысы

Ағымдағы жылы Сәтбаевта 2 кредиттік және 1 коммерциялық тұрғын үй пайдалануға берілді. Сонымен қатар, жыл соңына дейін берілетін 2 кредиттік тұрғын үйдің құрылысы жалғасуда.

Ағымдағы жылы Халықтың әлеуметтік осал топтары мен көпбалалы отбасылар үшін бюджет қаражаты есебінен 628,8 млн теңгеге 30 жалға берілетін пәтер сатып алынды. Облигациялық қарыздар есебінен қазан айында 492,1 млн теңге сомасына тағы 30 пәтер сатып алу жоспарланған.

Демеушілік қаражат есебінен жобалар

Облысымызда демеушілік қаражат есебінен түрлі әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылы жалпы құны 57,8 млрд теңгені құрайтын 33 жоба жоспарланған. Соныменқатар, меморандумнан бөлек Қазақмыс корпорациясы 30,7 млрд теңгеге 6 жобаны іске асыру көзделген. Соның бірі - Сәтбаев қаласындағы Ш. Ділдебаев атындағы «Кеншілер сарайын» реконструкциялау.

Экология

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жүргізілуде, оның аясында ағымдағы жыл басынан 10 223 дана жасыл желек, оның ішінде 1 372 дана Сәтбаев қаласында отырғызылды.

2025 жылға арналған жоспар 27,3 мың жасыл желекті құрайды, оның ішінде 5 мың дана Сәтбаев қаласында жоспарлануда.

Тазалық акциялары аясында, жыл басынан облыс бойынша 4 011 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар жиналды, соның ішінде Сәтбаев қаласы бойынша 1 200 тонна болды.

► ОЛЕЦНИЦ ӨРИМТАЛЫ

«Абайдың әрбір сөзі жадымызда»



Ақбота ЖАҒЫПАР

МЫҢҒА АЗЫҚ ҰЛАҒАТЫ ҒҰЛАМАНЫҢ

Аты азан шақырған – Адам Жүсіп,
Жасынан жыршы атанды көзге түсіп.
Шорманның Мұсасынан бата алып,
Атанды сол себептен Мәшһүр Жүсіп.

Білімпаз, туа бітті дарын екен,
Жасынан жанып тұрған жалын екен.
Мыңға азық ұлағаты ғұламаның,
«Қазақ түбін» зерттеген ғалым екен.

Ақын жыры ұрпаққа тәлім екен,
Мәшһүрлігі үш жүзге мәлім екен.
Дінге берік, иманы – жүрегінде,
Рухы мықты бабамның, тәні бекем.

Хатқа басып мұрасын қазағының,
Қолына алды зор істі азабы мың.
Асыл сөздің көусарын қанып ішіп,
Би болды, жөнге салды жазалыны.

Ұлы Абайдың сынынан сүрінбеген,
Заманында топ жарған, дүрілдеген.
Қандай іс кез болса да қиыстырған,
Майдан қыл суырғандай білінбеген.

Көріпкелдік бәріне бұйырмаған,
«Алланың берген сыйы», - дейді, -
маған.
Жаназасын шығартып, бейіт салып,
Болжап кеткен боларын қиын заман.

Денеміз тітіркенді, ой тазарды,
Өзіне аударды бар назарды.
«Ең әуелгі асылың – иман!» - деген,
Рақатқа бастайды иман жанды.

Кәміл болса иманың жүрегінде,
Жүзің жарық, жайнайды түр, өңің де.
Иманжүзді ізгі жан сол болады –
Мейірім нұры төгілсе реңінде.

Инабатты, ибалы, қыз қылықты,
Сақтайық ата салтын ізгі мықты!

Ақбота Жағыпар 2005 жылы туған. 2022 жылы С.Сей-фуллин атындағы гимназияны Алтын белгімен бітірген. Қазір Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенті. Біз Ақботаға поэзия әлемінде ақ жол тілеп, бір топ өлеңдерін жариялап отырмыз.

«Қызы – үйде, қылығы – түзде» деген,
Кей замандас байқатты «ызғырықты».

«Елдің көркі – қыз» деген – ана деген,
Өнегелі шаңырақ анаменен.
Отбасынан Отанын өрбітетін
Ананы Данагүлдей* дана көрем.

Кел, құрбым, ізгі жолға, жайна дайым,
Қарашаш* – қазығымнан айналайын.
«Білімді, зерек адам болам!», - десең,
Мәшһүрді қолыңа ал, айналайын!

Мәшһүр бабам – қазақтың данышпаны,
Жолын қуған кешегі арыстарым.
«Біліммен мыңды жеңер» бүгінгі жас,
Бабалар көшін жалға, қалыспағын!

*Данагүл – Төле бидің дана келіні.
Қарашаш – Жиренше шешеннің
ақылды жары.*

АБАЙ

Абай қазақ халқының мақтанышы,
Әсем әнін шырқайды үлкен-кіші.
Абайдың өлеңдерін жатқа айтады,
Мұхиттың ар жағында, басқа кісі.

Кей өлең жетелейді сені алға,
Кей өлең сенбе дейді басқа жанға.
«Кетігің тап, бар, қалаң» деген сөзі,
Ұқсайды адастырмас бағдаршамға.

Абайдың әрбір сөзі жадымызда,
Сақтаймыз ұлы есімді жанымызда.
Абайдай дана ақын жоқ өмірде,
Абай - біздің бағымыз, барымыз да.

Жап-жарық сәуле шашқан
қара түнде,
Халықтың көзін ашқан жарық күнде.
Абайдың өз білімі өзіңе емес,
Кетті ғой үлгі болып өзгелерге.

Абайдың әрбір айтқан сыни көзі,
Ұмытылмас ешуақытта қара сөзі.
«Өлең сөзі ойыңа азық болар»
- деп жастарға сенеді хакім өзі.

Абайдың қалдырған әр мұрасы,
Өмірдегі бар шындықтың куәсі.
Абай деген даналардың данасы,
Бетке ұстар қазақтың бір дарасы!

СӘКЕН

Сәкендей ірі тұлға бой көтерген,
Ондай жан қазіргіде жоқпен тең.
Өзіңіз қазақтың ажары,
Халықтың сенде бар назары.

Сәкен аға, жанарыңда бір мұң бар,
Патшалыққа жалғыз қарсы
тұрдыңдар.
Елің қорғап, жандарын берген аямай,
Арттағы ұрпақ, біздерге үлгі
болдыңдар.

Отан деген ыстық пана адамға,
Бұдан басқа не керек бұл жалғанда?!
Күйрегенін көріп жатсаң еліңнің,
Өр азамат босқа қарап тұрған ба?!

Қиын қыстау кезеңдерде берілмей,
Рухы биік, ешбір сөзге жеңілмей.
Күресті олар қасық қаны қалғанша,
Сынақтардан өтті олар мүдірмей.

Сәкен биік, ұлы тұлға біздерге,
Ұлылығын көрсеткен ол сіздерге.
Сақтаймыз біз мұраларын әрқашан,
Сәкен жалғыз, ұмытпаймыз ешқашан!

МӘҢГІЛІК ЕЛ

Қазақ елім, дана елім, жаңа ел,
Бақыт құсы Қазақ елге қона бер.
Тек аспанға, көкке қарай өрлесе,
Қазақ елі болады ғой дара ел.

Бастан кешкен оқиғалар таусылмас,
Тәуелсіздік естелікті жасырмас.
Өкінішпен еске аламыз өткенді,
Қуаныш күй жарамызды баса алмас.

Болашақтан үміт күткен жандармыз,
Жас ұрпаққа жол көрсетер бағдармыз.
«Мәңгілік ел» қуатымыз өшпесе,
Өлі талай тау шыңына шығармыз!

КИЕЛІ НЕТКЕН ЖЕР?!

Туған жер байтағым, кең далам,
Бір аққан жұлдызсың сен маған.
Тауың да, тасың да аялы,
Қарызбын әрқашан мен саған.

Мәңгілік тұрарсың жадымда,
Сенімен бір менің қанымда.

ӨМІР

Өмір деген бірде қиын,
Өмір деген бірде оңай.
Таусылмас зардап қай жерден,
Шықты екен таусылмай.

Өмір деген жүректі,
Жарып шықты оп-оңай.
Жүректегі жараны,
Тырнай берер қиналмай.

Қиналмай сен жең бәрін,
Қиындыққа мойыма.
Өмірдің тәттісі де, ащысы да,
Бар екенін мойында.

Өмір, өмір - сынақ бұл,
Төтеп бер, сен сынаққа.
Өмір - жарыс, бұлақ бұл,
Үлгермейді-ау, жылдам тетік сағатта.

ҚАЗАҚ ЕЛІ

Елім менің шындық пенен
ақиқатты жақтаған,
Елбасымыз достық пенен ынтымақты
сақтаған.

Сол ынтымақ арқасында түрлі
ұлтпен бірге біз,
Тату тәтті тұрадамыз, берік біздің
іргеміз.

Жарқ етеді жұлдызымыз айлы
аспанның көгінде,
Желбіреп тұр Көк Байрағым
Қазақстан төрінде!

АНА

Ана деген бұл өмірде асыл ғой,
Шыдамды ғой, ақкөңіл де алтын ғой.
Түн ұйқысын төрт бөліп, ұйқы көрмей,
Елжірейді -ау жүрегі бала тербей.

Жылу берер, шуақ берер, нұр берер,
Алаулаған оттың шоғын сөндірер.
Ең алғашқы сөзім менің «Ана» екен,
Анамыздан асыл жан бұл өмірде бар
ма екен?!

Тілер мәңгі баласының бақытын,
Уайымдайды құстың өзі баласын.
Қадірлей біл, сақтай білші сен оны,
Бақыттымын тек өзіңмен анашым!



МЫҢ МЫҚТЫҒА ТАТУШЫ ЕДІ БІР БАСЫҢ!

2025 жылғы қыркүйектің 12-сінде өлкетанушы, шежіреші, Ұлытау облысы Ардагерлер және Билер Кеңесінің, Ұлытау аудандық Ардагерлер және Қоғамдық Кеңесінің мүшесі Тоңболат МҰХАНҰЛЫ дүниеден өтті



ҚОШ, ҚҰРДАСЫМ!

Тоңболат Мұханұлымен
бақулдасу

Ырғағынан жаңылмайды тіршілік,
Кешегідей күн де орнында тұр шығып.
Бәрі орнында, көңілі пәс мен ғана,
Көкірегім жібермейді тұншығып.

Опырылып құлайды екен емен де,
Отырыпсың оралмайтын кемеңе,
Жатып қалдым орынымнан тұра алмай,
Дүниеден сен өтіпті дегенде...

Бұл дүние, білем, мәңгі тұрмасын,
Мың мықтыға татушы еді бір басың!
Толып жатқан жақсы - жайсаң ішінде,
Сенің орның бөлек екен Құрдасым!

Қас - қағымда тарағандай базарым,
Татып тұрмын жалғыздықтың азабын.
Тіл жеткенше келемеждеп жатсаң да,
Маған майдай жағушы еді мазағың.

Тілектес боп өзімізше жарастық,
Елге - жерге отырушы ең жан ашып.
«Өлкетану — өмірім ғой» деп кейде,
Қырды кезіп кетуші едің, тау асып.

Қанық едің қара сөздің дәміне,
Алаң едің, дәстүр менен тәлімге,
Сен білмейтін ештеңе жоқ қазақта,
Қандай істің жетік едің бәріне.

Сан жүйріктен артық еді алымың,
Нар кеудеге сыймаушы еді жалының.
Кей деректі сенен алып, аң- таң боп,
Отыратын кейбір білгіш ғалымың.

Не бір жоба жүруші еді ойыңда,
Азамат ең бір мінің жоқ бойыңда.
Қазаққа бұл керек десең, іркілмей,
Ілуші едің жүз тонна жүк мойныңа.

Жақсылардың елі айтады бағасын,
Сияқты едің көпті көрген дара шың.
Алашым деп алшаң басып жүруші ең,
Сол бейнеңде есімізде қаласың!

Мұса ТІЛЕУОВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Сәтбаев қаласының
Құрметті азаматы.

ҮЛКЕНДЕРДІҢ БІРІ ЕДІ ҚАЗЫНАЛЫ

Ұлытау - Қарсақбай өңірінің қадірлі
азаматы, ел ағасы Тоңболат Мұханұлы
өмірден өтті. Тоқаң аймаққа белгілі та-
рихшы, шежіреші еді. Үлкен өнер жана-
шыры болатын. Әсіресе, ақсүйек өнер ай-
тыс десе - ішкен асын жерге қоюшы еді.
Өңірде өткен әр өнер сайысын күнімен,
айымен айтып, талдап беретін кезі де
болатын.

Күрең күз аттың басын кеп тіреген,
Ел едік аман -саулық тек тілеген.
Таң атқалы тарауда суық хабар,
Тоң ағамыз өмірден өтті деген.

Жол нұсқар ағамыз ед халыққа айқын,
Тарихқа - суда жүзген балықтайтын,
Қашаннан Қарсақбай мен Қаныш жайлы,
Өңгімені айтудан жалықпайтын.

Елім деген ер еді еңселі ой көп,
«Жақсының аты өлмейді, мен сенем» деп,
Жүруші еді Қарсақбай колледжіне,
«Бұлқышевтың есімін берсе ғой» деп..

Ғұмыр кешті ортада өнегелі,
Аға бидің бірі еді төбедегі.
Қазақтың айтысы мен ән-күйіне,
Құрметі жарықтықтың бөлек еді.

Тоқаң жайлы әлі сан жазылады,
Алтын шыққан жер белден қазылады.
Өңірдегі кеудесі алтын сандық,
Үлкендердің бірі еді қазыналы.

Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері.

ҰМЫТА АЛМАЙМЫЗ

Шежіреші, өлкетанушы, Қарсақбай-Ұлытау өңірінің өркенді
азаматы Тоңболат Мұханұлы өмірден озды.

Ол өңірдің тарихын, елге еңбек сіңірген тұлғаларын, өнері мен
мәдениетін зерттеді. Өз ортасында байсалды, баталы, есті сөзімен
абыройға ие болды. Тоқаңның жарқын бейнесі есімізде ұзақ сақталады.
Отбасына, туыстарына, жақындарына қайғысына ортақтасып көңіл
айтамын. Марқұмның жатқан жері жайлы, жаны жәнатта болсын!

Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ,
Ұлытау облыстық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы.

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БАҒАЛЫМ

Бақұл бол, бағасы биік, Тоңболат аға!

Қара жолдың үстінде,
Естіді хабар құлағым.
Көлігімнен түстім де,
Егіліп іштей жыладым.

Қаралы еді хабарым,
Жаралы болды жүрегім.
Қарлығып шықты қаралы үн,
Бұзыла берді түр-өңім.

Сұм ажал неге құнықты,
Болмысы бөлек бағалым?
Ақтық демі шығыпты,
Тоңболаттай ағаның.

Бұлбұл ұшты көзімнен,
Шежіре айтқан күндері.
Тарихты зерттеп төзіммен,
Айтушы ед шындық іргелі.

Жетік еді жайсаңым,
Тарихына өлкенің.
Қайтпаушы еді қайсарым,
Ойлап елдің ертеңін.

Дауылдатып сөйлеуші ед,

Дау тудырған шақтарда.
Түбіне жетпей көнбеуші ед,
Қоржыны бай ақпарға.

Аңдатушы ед өресін,
Көз алдымда бейнесі.
Туғаныңдай көресің,
Баз біреуді кейде осы.

Ағам еді менің де,
Білмесімді жалғайтын.
Қимақ түгіл өлімге,
Өкпелете алмайтын.

Сапарда жүріп жырақта,
Үлгере де алмадым.
Дұғадан жоқтап, бірақ та,
Бет сыйпадым, ардағым.

Табылса да іні дос болар,
Табылар ма екен дос аға?
Іркейін жасын қос жанар,
Кеш мені, қош бол, қош аға!

Бағдат БАЙЖАНТАЕВ,
ақын.

АСЫЛ ЕДІ СҮЙЕГІ...

Қайран Тоңболат ағам-ай. Сенер, сенбесімізді де білмей қалдық -ау. Жақсы ағамыз еді. Күні кеше ғана түскі мезгілде қазақ радиосынан Тоңболат ағамыздың Қарсақбай, Жезқазған мен Қаныш Сәтбаев тура-лы кең көлемді сұхбатын тыңдап, рахаттанып қалып едім. Іле-шала сумаңдаған суық хабарды естуге мәжбүр болдым.

Ел мен жердің шежіре -тарихын жатқа білетін, үнемі жаңа кітап шықса, соны қайдан болсын тауып, сатып алып, көп оқып, ізденіп жүретін, өнер мен мәдени шара-дан өсте қалмаушы еді. Бір Тоңболат ағам отырғанның өзінде көрермен залы толып тұрғандай әсер беретін.

Сәтбаев пен Жезқазған қаласында бір айтулы мерекелік шара, мәдени кештер өтсе ауа райының қолайсыздығына қарамастан, қыс, жаз демей Қара-шаңырақ Қарсақбайдан сүт пісірім уақытта жетіп келуші еді. Әсіресе, қазақтың жауһар өнері Айтыс десе ішкен асын жерге қоятын. Бұрынғы ескі айтыстардың, бүгінгі

ақындардың сөз қағысын, ұтымды тұстарын жатқа ай-татыны бар еді. Әділдікке жаны құштар, күні кеше ғана ортамызда ақылшы аға боп жүрген өткен, кеткен тарихи қызықты әңгімелерімен жанымызды баурап алатын Ағадан да айрылды. Бұл Өмір тым қатал екен...

Суық жерге қимаймыз. Бірақ, Алла ісіне шара бар ма? Бір Алла өзі панасына алсын! Иманы жолдас болғай! Қош, асыл аға!

Ізтөлеу ТҮСІП,
Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

СОТ САЛАСЫНДАҒЫ
ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Қазіргі қоғамда гендерлік теңдік демократиялық даму мен құқықтық мемлекеттің басты қағидаттарының бірі. Қазақстан Республикасында сот жүйесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін гендерлік саясатқа ерекше назар аударылып отыр. Сот саласындағы гендерлік саясат тек әйелдер мен ерлердің құқықтарын тең қорғау ғана емес, сонымен қатар сот жүйесінің тиімділігін арттыруға, қоғамдағы сенімді нығайтуға бағытталған.

Гендерлік саясаттың мәні

Гендерлік саясат ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік іс-шаралар жүйесі. Сот саласында бұл саясат судьяларды, сот қызметкерлерін іріктеу, тағайындау және мансаптық өсу барысында гендерлік теңдікті сақтауды көздейді. Сонымен бірге, сот шешімдерінде де гендерлік дискриминацияға жол бермеу маңызды.

Қазақстан сот жүйесіндегі жағдай

Қазақстанда сот корпусының құрамында әйелдердің үлесі жылдан жылға артып келеді. Әйел-судьялардың кәсібилігі мен беделі сот төрелігінің әділ әрі бейтарап болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, әйелдердің сот билігінде көбірек өкілдік етуі қоғамдағы гендерлік теңдіктің нақты жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Гендерлік теңдіктің артықшылықтары

1. Әділ сот төрелігі әйелдер мен ерлердің тәжірибесі мен көзқарасының

үйлесуі сот шешімдерінің әділдігін арттырады.

2. Қоғамдық сенім сот жүйесінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қоғамның сенімін күшейтеді.

3. Кәсібилік пен жауапкершілік гендерлік теңдік сот кадрларын іріктеуде объективтілікке жол ашады.

4. Халықаралық талаптарға сай болу Қазақстан гендерлік саясатты іске асыру арқылы халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын орындап келеді.

Сот саласындағы гендерлік саясат құқықтық мемлекеттің дамуындағы маңызды бағыттардың бірі. Ол тек әйелдердің құқықтарын қорғап қана қоймай, әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Сондықтан Қазақстан сот жүйесінде гендерлік теңдікті нығайту алдағы уақытта да басты назарда болмақ.

А. МӘУЛЕНОВА,
Сәтбаев қалалық
сотының бас маманы.

«МЕДИАЦИЯ – ДАУДЫ
ШЕШУ РӘСІМІ»

Қазіргі қоғамда даулар мен келіспеушіліктерді шешудің өркениетті жолдарын табу маңызды міндеттердің бірі. Соның ішінде медиация екі тарап арасындағы дауды бейбіт, өзара тиімді шешуге мүмкіндік беретін тиімді тетік.

Медиация дегеніміз не?

Медиация бұл бейтарап үшінші тарап медиатордың көмегімен дауларды сотқа жеткізбей шешу рәсімі. Оның басты мақсаты тараптарды татуластыру, келісімге келтіру және әрқайсысының мүддесін ескеру.

Медиацияның артықшылықтары:

Дауды жылдам шешуге мүмкіндік береді;

Құпиялылық сақталады;

Уақыт пен қаржы үнемделеді;

Тараптар арасындағы қарым-қатынас бұзылмайды;

Қабылданған шешім өзара келісімге негізделеді.

Медиацияның қоғамдағы рөлі

Медиация тек заңдық рәсім ғана емес, ол қоғамдық татулықты нығайтатын, адамдар арасындағы түсіністік пен сыйластықты арттыратын құрал. Әсіресе, отбасылық, еңбек, азаматтық дауларда медиатордың рөлі зор.

Қазақстандағы медиация институты

2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» Заң бұл институттың дамуына құқықтық негіз қалады. Бүгінде еліміздің сот жүйесінде, мемлекеттік органдарда, тіпті ауылдық жерлерде де медиация белсенді қолданылады.

Медиация тек дау шешу жолы емес, ол татулық пен келісім мәдениетінің көрінісі. Әр азамат дауласудан гөрі келісуді таңдаса, қоғамда тыныштық пен тұрақтылық сақталады.

Медиация бір жағынан сот жұмысын жеңілдету құралы. «Медиация туралы» заң қабылдау азаматтарға мәселені шешу жолын таңдау еркіндігін, адам құқықтарын қорғаудың жаңа мүмкіндігін қолдану, азаматтық қатынастың заманауи формасын қалыптастыру, мәселерді конструктивті диалог арқылы шешу сияқты зайырлы қоғамға тән мүмкіндіктер берді. Қаржы үнемдеуді былай қойғанда, медиатордың көмегімен мәселені бірнеше сағатта шешуге болады. Бұл уақыт үнемдеудің де тәсілі. Сонымен консенсуске келу арқылы тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтап қалу ықтималдығы жоғары.

Көріп отырғанымыздай, медиация азаматтық қоғам қалыптастырудың, дамуының белгісі. Себебі мәселені сотқа жеткізбей шеше алу адам құндылықтары мен көзқарасын жаңа деңгейге көтерілгенінің айқын көрінісі.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық соты
әкімшісінің басшысы.

БОЛАШАҚ — БЕЛСЕНДІ
ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА:
ҚҰҚЫҚТЫҚ АҒARTY
ІС ЖҮЗІНДЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толуына орай Ұлытау облысының аумақтық сайлау комиссиясы жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған бірқатар шаралар өткізді, ерекше көңіл электоралдық мәдениеттің өскелең ұрпақ арасында қалыптасуына бөлінді.

Жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – болашақ сайлаушыларды конституциялық нормалар мен сайлау құқығының маңыздылығын түсінуге тарту болды. Облыс мектептерінде сайлау процесі тақырыбында эссе байқаулары, диктанттар ұйымдастырылды. Бұл бастамалар оқушыларға өз білімдерін көрсетіп қана қоймай, болашақ азаматтық жауапкершіліктері туралы ойланып, түсінуге мүмкіндік берді.

Мектептегі өзін-өзі басқару жобасы аясында сайланбалы лауазымдарға кандидат болуды армандайтын оқушылар үшін шеберлік сыныптары өткізілді. Сонымен қатар, сайлау құқығы мәселелері бойынша семинарлар, интеллектуалдық ойындар, пікірталас алаңдары мен ақпараттық сағаттар ұйымдастырылып, жастар мен болашақ сайлаушылар арасында өткізілді.

Арнайы назар «Жас сайлаушы клубын» құруға бөлінді. Клубтар облыс қалалары мен аудандарының аумақтық сайлау комиссиялары жанында жұмыс істей бастайды. Бұл клубтар еліміздің сайлау жүйесі туралы білім алуға, пікір алмасуға және қарым-қатынас орнатуға арналған жаңа алаңдарға айналады. Олардың басты мақсаты — жастардың электоралдық белсенділігін арттыру, құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыру және азаматтық жауапкершілікті нығайту.

Өткізілген шаралар Конституцияның Қазақстанның мемлекеттік құрылымының негізі ретіндегі маңыздылығын атап өтіп, еліміздің болашағы үшін саналы, белсенді азаматтарды тәрбиелеудегі маңызды қадам болды.

Ұлытау облысының
аумақтық сайлау комиссиясы

БУДУЩЕЕ ЗА АКТИВНОЙ
МОЛОДЁЖЬЮ:
ПРАВОВОЕ ПРОСВЕЩЕНИЕ
В ДЕЙСТВИИ

В честь празднования 30-летия Конституции Республики Казахстан территориальная избирательная комиссия области Ұлытау провела ряд мероприятий направленных на повышение правовой осведомлённости молодёжи обратив особое внимание на электоральную культуру подрастающего поколения.

Одним из ключевых направлений работы стало вовлечение будущих избирателей в процесс осмысления значимости конституционных норм и избирательного права. В школах области были организованы конкурсы эссе, диктанты на тему избирательного процесса. Эти инициативы позволили школьникам не только проявить свои знания, но и задуматься о своей будущей гражданской ответственности.

В рамках проекта школьного самоуправления прошли мастер-классы для учащихся, стремящихся попробовать себя в роли кандидатов на выборные должности. Кроме того, были организованы семинары по вопросам избирательного права, интеллектуальные игры, дискуссионные площадки и информационные часы, в которых приняли участие молодые и будущие избиратели.

Особое внимание было уделено созданию «Клуба молодого избирателя» при территориальных избирательных комиссиях городов и районов области. Эти клубы станут новыми площадками для общения, обмена мнениями и получения знаний об избирательной системе страны. Их главная цель - повышение электоральной активности молодёжи, формирование высокого уровня правовой культуры и гражданской ответственности.

Проведённые мероприятия подчеркнули важность Конституции как фундамента казахстанской государственности и станут важным вкладом в формирование сознательных, активных граждан, будущего нашей страны.

Территориальная
избирательная комиссия
области Ұлытау

ӘКІМ КЕЗДЕСУГЕ КЕЛДІ...

Шешенсігендер мен көсемсігендер. Қазір адамдардың осындай бір тобы пайда болғаны айтылып жүр. «Ауыздығы сөз, аяқтыға жол бермейтін» деп бағалайтын ондайларды ертеректе. Облөкіммен кездесу кезінде осының шет жағасын көріп қалғандай болдық.

Демократия деген де жақсы болды. «Не айтқым келеді - айтамын, не жазғым келеді - жазамын, мұны сенен сұрамаймын» дегенді басшылыққа алып, бір айтқанды он айту сөнге айналды. Егер сол айтқан сөз шындыққа сай келіп жатса, көнеки!

Облыс әкімі келгесін облыстың, қаланың тыныс – тіршілігіне қатысты мәселелердің сөз болғаны дұрыс қой. Ол жасаған баяндамаға байланысты кейбір түсініксіз тұстары болса, соны нақтылап алсақ болмас па? Жоқ, мұндай кездесулерде көбіне – көп тұрғындар өздерінің жеке мәселелерін қаузап кетеді. Әрине, жеке мәселе де сұралсын. Әкім сол үшін арнайы қабылдау өткізеді ғой, соған жазыл да, көзбе – көз отырып сөйлес. Зал толы халықтың уақытын алма. Тіпті, бұған да үйреніп кеткен секілді едік.

Ал, кешегі кездесуде Т. Смаханов есімді азамат «Кездесу форматын өзгерту керек. Сіздің баяндамаңыздың түкке де керегі жоқ» деп соқты. Оған керек болмаса, маған керек. Мен мысалы, кездесуге облыста, Сәтбаев қаласында қандай шаруалар атқарылып жатқанын, алда нендей жоспарлар тұрғанын білу үшін бардым. Мен секілділер көп болмаса, аз емес деген ойдамын. «Диалог түрінде өту керек» деді. Егер облыстың жай-күйінен хабарсыз болсаң, қандай диалог құрасың?

«Осы залға әкімдіктің, бюджеттің адамдарын толтырып қоясыңдар, қойыңдар мұндайды» деп тағы шүйлікті. Ол кісінің бұл сөзіне қарағанда, облөкіммен кездесу елге хабарланбай, жасырын жабық есік жағдайында өтіп жатқан секілді. Сонда өзі кездесудің өтетінін қайдан білген? Залға қалай кірген? Адам бірдеңе айту үшін алдымен ойланып



алғаны жөн болмай ма? Сол кездесуге қазір астанада тұратын Серік Орал есімді ағамыз да келіп қатысты. Сонда Секенді де әкімдік астанадан арнайы шақыртып алды ма екен?

Облыс басшысының сөзімен айтқанда, «сөз сөйлеген уақыты облөкімнің баяндама жасаған уақытынан да асып кеткенмен», Т. Смахановтың билік басындағыларға нақты қандай ұсыныстар айтқаны есімізде қалмады. Есесіне «әлеуметтік қызметкерлердің қызметін бақылап отыру үшін чип орнатып жатырсыңдар, бұл не масқара?» дегені байбалам болып шықты. Тиісті мекеме басшылығы мұның жалған екенін жария етті.

«Ол кездесудің өтетінін қайдан білген?». Мен үшін осы сұрақ қызық. Бәлкім, біреу ертіп әкелді ме екен? «Осылай да осылай әкімді сынап, мінеп сөйле. Бұл сенің қолыңнан келеді. Сосын біз артынан іліп әкетеміз ғой» деді ме екен? Елдің арасында, кімдер жоқ дейсіз, кей-

бір адамдардың өздері тасада қалып, мұндай әрекетке барулары да мүмкін. Қалай болғанда, ол кісі қаншама екпіндете сөйлегенімен, содан халыққа да, билікке де еш пайдасы жоқ, «тисе - терекке, тимесе - бұтаққа» деген ыңғайда айтылған сөз секілді болды да қалды. Дегенмен, кейбір кісілер «өзінің ойын айтты ғой, несі бар, дұрыс» деген де болу керек.

Осындай кездесулерде үнемі белсенділігімен көзге түсетін Нұрболат Сұлықбаев бауырымыз бұл жолы да бірсыдырғы сұрақтарын жайып салды. Сұрақтан бөлек өзінің әкімнен тендер сұрамайтынын да айтып қалды. Сонда оның ойынша, тендерді әкімнен сұрап ала ма екен? Тендердің өз заңы, тәртібі бар емес пе? Мұнымен қоймай, «Кейбір кісілер тендер алып жүр. Олардың аттарын атамай – ақ қояйын» деп тұрып, «олардың арасында жетпістегі кемпір де бар», «әкімді мақтап жазатын журналист те бар» деді. Әдетте,

өзінің үнемі «шындықты бетке айтатынын» айтудан жалықпайтын Нұрболат «жетпістен асқан кемпір» мен «әкімді мақтап, сол үшін тендер алатын журналистің» аты – жөндерін неге ашып айтпады? Әлде айтқанын дәлелдей алмайтынын біліп, сөзінің артын жұтып қойды ма екен? Айттың ба, ақырына шейін айт. «Түкірік, қайта жұтсаң мәкірік» дейді қазақ.

Осындай сәттерде ортадан бір ақсақал шығып, «жігіттер, бұлардың жарамайды» деп тоқтау салса да болар еді? Әрине, ақсақалдардың «әкімнің дежурный шалдары» деген сөзге ілігіп қаламыз» деп тартынып қалулары да мүмкін. Бірақ, халықтың өзі әр тұстан «қойсаңдаршы» деп жатқанын есітіп отырғанда, ақсақалдар ақсақалдығын көрсетіп, інілерін жөнге шақырулары керек – ақ еді. Өкінішке қарай, бұлай болмады. Бұл да бір кемістігіміз.

Осы кездесуде Жұлдызай есімді қарындасымыз ақсақалдардың да, қарасақалдардың қолынан келмегенді істеді. Ол сылдыр сөзден гөрі нақты бір істі қолға алғанның артық екеніне тоқталды. Өзі бұрыннан жақсы білетін Н.Сұлықбаевқа қысқартып айтқанда, «бірігіп іс жасайық тіпті, саған ақысын да төлейін» деген ұсыныс білдірді. Ағасы ұсынысты қабылдады. Нәтижесін уақыт көрсете жатар.

Нақты іс демекші... Өмірхан Құдаспаев ақсақал көп сынға ұшырайтын «Сәт Тазалыққа» қарайтын үйді бөліп алып, «ОСИ» құрып, жұмыс істеп жатқанын алға тартып, өзгелерді өзінен үлгі алуға шақырды. Нақты мысал. Сынаған да дұрыс шығар, бірақ, сол жүрмей жатқан шаруаны қолға алып түзей алсаң, нағыз үлгі сол емес пе?

Облыс әкімі Дастан Рыспековпен болған кездесудің осындай сәттерінің болғанын да көпшіліктің біле жүргені дұрыс. Ал, бұған әркім өзі ой түйіп, бағасын бере жатар.

Абдолла ДАСТАНОВ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Артур ЛАСТАЕВ:

ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАСТАМАЛАРЫ ЕЛДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫН КӨРСЕТЕДІ

12 қыркүйек күні Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев Астана қаласында өткен халықаралық деңгейдегі маңызды іс-шара — «Бейбітшілік және болашақ — құқық арқылы» атты Конституциялық әділет форумына қатысты. Аталған форумды еліміздің Конституциялық Соты ұйымдастырды.

Құттықтау сөзінде Омбудсмен Конституцияның ерекше, қос қырлы табиғатына тоқталып, Негізгі заңның тек құқықтық негіз ғана емес, сонымен қатар қоғамның үміт-тілектерінің айнасы екендігін атап өтті.

— Конституция — бұл тек мемлекет құрылымының құқықтық тірегі ғана емес, сонымен бірге халықтың ұжымдық еркін білдіретін, қоғамның дамуына бағдар беретін маңызды құжат. Оның қос қырлылығы — заңдық

және әлеуметтік мәні — еліміздің демократиялық ұстанымдарын айқын көрсетеді, — деді Артур Ластаев.

Спикердің айтуынша, қазіргі таңда басты міндет — конституциялық құндылықтарды сақтау ғана емес, оларды заманауи талаптарға сай жетілдіру. Осы тұрғыда ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы

шешу» атты Жолдауына ерекше назар аударды.

Ластаевтың пікірінше, Жолдауда көтерілген бастамалар — мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың маңызды кезеңі. Әсіресе Парламенттің бір палаталы үлгісіне көшу туралы ұсыныс — елдің конституциялық эволюциясының нақты көрсеткіші.

— Бұл бастама құқықтық мемлекетті одан әрі жетілдіру жолындағы ізденістердің айғағы. Конституциялық

реформалар мемлекет тұрақтылығы мен азаматтық қоғамның дамуына жаңа серпін береді, — деп түйіндеді Адам құқықтары жөніндегі уәкіл.

Халықаралық форум аясында өткен пікірталастар мен ұсыныстар болашақта еліміздің құқықтық жүйесін дамытуға ықпал ететіні сөзсіз. Бұл ретте Қазақстан өзінің демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуын жалғастыра береді.

Аманжол КАРИМОВ,
ҚР Адам құқықтары жөніндегі
уәкілдің Ұлытау облысы
бойынша өкілі.

РУХАНИ ӨЛЕМ

ЖАҢАРҒАН, ЖАЙНАҒАН КІТАПХАНА

ОҚЫРМАНДАР ОЛЖАСЫНА АЙНАЛДЫ

Қала күні қарсаңында жөндеуден соң, жасарып, жайнап, құлпырып шыға келген Б.Бұлқышев атындағы орталық-тандырылған кітапхана оқырмандарға есігін қайтадан айқара ашты.

Орталық кітапхана алғаш 1952 жылы Жезқазған кентінде ашылып, 1987 жылы Сәтбаев қаласына көшірілді. Соңғы рет мұнда ағымдағы жөндеу 2009 жылы жүргізілген еді. Содан бері ешқандай күрделі жөндеу көрген жоқ. Биылғы жылы қала әкімінің қолдауымен кітапханаға арнайы қаражат бөлініп, заман талабына сай жаңартылды.

Жөндеу жұмыстары «Достар Строй» ЖШС мердігер компаниясының күшімен атқарылды. Едені кафельденіп, терезелері орнатылып, төбесі әрленіп, қабырғасы сырланған ғимараттың ауа алмасу жүйесі толықтай жаңғыртылды. Монтаждау жұмыстары да ойдағыдай жүргізілді.

Сапалы сантехникалық жүйеге ауыстырылып, мерзіміне сай аяқталды. Іші заманауи талаптарға сай безендіріліп, жарық әрі жайлы оқу кеңістігіне айналды. Сыртқы келбеті де мәртебесіне сай көркемделіп, айрықша сәулеттік шешіммен әрленді. Кітапханалардың сыртқы келбетін ерекше әрі мазмұнды ету — қазіргі сәулет өнері мен мәдениетті ұштастырған жақсы үрдіс. Осы ретте оның кітап мұқабаларымен безендірілуі оқуға, білімге деген қызығушылықты арттыру мақсатында жүзеге асырылған креативті шешім болды. Кітап мұқабаларына қазақ және шетел ақын-жазушыларының аты-жөні бейнеленген. Мұқабалар қабырғадағы түрлі-түсті әйнек қаптамаға басылып, үлкен көлемде орналастырылған. Бұл алыстан қарағанда алып кітап сөресін елестетеді. Әр кітап мұқабасы графикалық түрде өңделіп, үлкен форматта шығарылған. Жарықтандыру жүйесіне қосылғандықтан кешкі уақытта сәуле шашып тұрады. Бұл кітапхананың тартымдылығын арттырып, мәдениеттің көрнекі жарнамасы ретінде қызмет етуде.

Кітапхананың кіреберіс холлында жауынгер, публицист, қаламгер Баубек Бұлқышевқа арналған бұрыш ұйымдастырылған.



Өлкетану бөлімінде академик Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми еңбектері жайлы мәліметтер қойылған.

Фотошежіре де қаламыздың кешегі және бүгінгі келбетінен сыр шертеді. Тарихы мен мәдениеті, ұлы тұлғалары жайлы кітаптар мен жергілікті ақындардың жыр жинақтары орын алған. Көркем әдебиет пен әр ғылым саласы бойынша кітаптар бір залға біріктірілген. Бүгінде кітап қоры - 57732 құрайды. Биыл 315 жаңа кітаппен толыққан. Coworking аймағы - оқырмандар мен жастарға арналған заманауи орта. Бұл аймақта шығармашылықпен айналысуға, топтық жобалар, пікір алмасу мен кездесулер өткізуге толық мүмкіндік жасалған.

Ашылу салтанатына қала әкімі Мұрат Бөрібаев арнайы қатысып, осы залда жыл бойы мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған «Оқуға құштарлық» акциясының белсенділерін марапаттады. Салтанатты лента қию құрметіне Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, кенші-ақын Мұса Тілеуов, кітапхана ардагері Бәтима Смағұлова және Қазақстанның Еңбек Ері Тұрсынбек Мақышев ие болды.

Қазіргі кезде кітапхана білім мен өнерге бастар заманауи талаптарға сай оқырман игілігіне қызмет етуде. Ұлт болашағы — білімді ұрпақтың қолында. Сол ұрпақтың рухани азығы осындай кітапханаларда.

Мейрамгүл САЯЖАН.



КІТАПХАНА

Жетем десең жігіт болып мұратқа,
Білім, ғылым нұрыменен шуақта!
Ізден. Талпын, кітап оқы, ерінбе,
Бар қазына, барлық байлық кітапта!

Кір! Барып көр кітапхана ішіне,
Мың сан кітап сен көрмеген түсінде,
Оқы да алып, ақылыңа ақыл қос,
Рухани күш-қуат қос күшіңе!

Осы жерден бәрін, бәрін табасың,
Арғы тарих, бүгінгі өмір арасын.
Оқи берсең бар адамзат, жер жиһан,
Барша әлемнің сыр-қырына қанасың.

Жүздесіп көр! Мықтылардан тәлім ал,
Не бір дарын осы жерден табылар.
Кітапхана-киелі орын, жиылып,
Басын қосқан талай ғалым, даналар.

Қас қағымда қайта анаңнан туғандай,
Қанат бітіп қомданасың қырандай.
Көрінгенде том-том кітап төрінен,
Поэзия пайғамбары Ұлы Абай!

Табыс барып Мұхтарменен, Қанышпен
Қасым, Мағжан жырларымен таныс па ең?!
Әлиханмен, Ахметпен, Міржақып,
Сәкен, Жақып - өңкей өрен арыспен!

Бір қауышсаң Мұқағали жырымен,
Бас алмайсың күніменен, түнімен.
Мына жерде Төлеген де тұр, міне,
Жалын шарпып, от тұтанып тілінен.

Кел жігітім, жетем десең мұратқа,
Өнер-білім нұрыменен шуақта.
Ізден! Талпын! Кітап оқы, ерінбе,
Барлық байлық, бар қазына кітапта!

Мұса ТІЛЕУОВ, ақын,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1585

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.